

Между уровнем физической работоспособностью и аэробными возможностями организма (МПК) отмечена тесная связь, что свидетельствует о высоких приспособительных возможностях кардио – респираторной системы физически активных студентов.

Исследования показали, что двигательная активность оказывает положительное влияние на результативность учебной деятельности студентов, так как физические нагрузки в оптимальных дозах оптимизируют физиологические системы организма, следовательно, и умственную работоспособность.

В связи с этим рекомендуется увеличить динамический компонент в режиме деятельности студентов, введя трехразовые занятия по физкультуре на всех курсах, а также практиковать введение самостоятельных занятий физической культурой и спортом с последующими тестированиями их функциональных возможностей и работоспособности организма посредством теста PWC₁₇₀.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Казахстан – 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны к народу Казахстана // Казахстанская правда от 11 октября 1997 года.
- 2 Фарбер Д.А. с соавт. Физиология школьника. – М., 1990.
- 3 Хоружев А.Г. Методы оценки физической работоспособности и функционального состояния сердечно-сосудистой системы в медицине и физиологии. – Челябинск, 1993.
- 4 Зацюрский В.М. Спортивная метрология. – М., 1987.

ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ АРҚЫЛЫ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Бақытжанқызы С.,

Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі, Орал қ., Қазақстан

***Annotation.** These reports are intended for students and teachers of pedagogical college. In these reports is supplied the information about the directions of socialization, about norms and values of modern society. Process of socialization can be opened by means of the following processes: adaptation, integration, self-development, self-knowledge. Pedagogical bases of socialization of the personality have to be connected with age and psychological features. Educational work takes place in groups on the basis of the following directions: "Family", "Collective", "Society", "World", "I am a personality".*

***Аннотация.** Данные доклады предназначены для студентов и преподавателей педагогического колледжа. В данных докладах даются сведения о направлениях социализации, о нормах и ценностях современного общества.*

Процесс социализации можно раскрыть с помощью следующих процессов: адаптация, интеграция, саморазвитие, самопознание. Педагогические основы социализация личности должны быть связаны с возрастными и психологическими особенностями. Воспитательная работа в группах проходит на основе следующих направлений: «Семья», «Коллектив», «Общество», «Мир», «Я – личность».

Әлеуметтену – бұл тұлғаның қоғамда өмір қамын дұрыс тәсілмен іске асыруына мүмкіндік беретін білімдердің нормалары мен құндылықтардың белгілі бір жүйесін игеру үрдісі болып табылады. «Тұлға болып туылмайды, тұлға болып қалыптасады» (А.Н Леонтьев). Мұның басты мағынасы тұлғаны қоғамда қалыптастыруымыз керек. Әлеуметтену динамикалық сипатта болғандықтан тұлға бұл әр қашанда үдеріс, бұл үнемі қалыптасу. Әлеуметтендірудің жетекші және анықтаушы бастауы – тәрбиелеу. Тұлғаны әлеуметтендірудің педагогикалық негіздері бала жасының психологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланысты болуға тиіс. Осы бағытта Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжде тәрбие жұмысы оқушының тұлғасын әлеуметтендіруде жүйелі құрылым бойынша жұмыс жасайды. Әрбір студенттің саяси мәдениетінің, тәрбиесінің, салауатты өмір салтының, әлеуметтік қоғамдық дамуы-

ның дұрыс бағытталуы колледжінің тәрбиелік негізгі бағыты. Топтардағы тәрбие жұмысының жоспары колледждің тәрбие жүйесіне негізделіп:

- 1 «Жанұя».
- 2 «Ұжым».
- 3 «Қоғам».
- 4 «Әлем».

5 «Мен – Жеке тұлға» бағдары бойынша жұмыстанады. Осы факторлар бойынша жеке тұлғаны жан – жақты дамыту, қалыптастыру көзделген. Оқу жылының басында топ жетекшілер оқушылардың әлеуметтік құжатын толтырып, осы негізде жалпы колледж студенттерінің әлеуметтік картасы жасақталды /1/.

Жеке тұлғаны әлеуметтендіру дегеніміз не? Жалпы білім беретін мектеп жағдайында жеке тұлғаны әлеуметтендіру – мәдени элементтерді түсіндіру, әлеуметтік мұрағаттар мен құндылықтарды игеру негізінде жеке тұлға қасиеттерін қалыптастыру. Тұлғаның әлеуметтенуінің әлеуметтік – психологиялық факторлары жалпы түрде екі үлкен топқа бірігуі мүмкін:

- 1) әлеуметтенудің әлеуметтік – мәдени жағын көрсететін және оның тарихи, мәдени, ұлттық ерекшеліктері мәселелерін қарастыратын әлеуметтік топ;
- 2) белгілі бір деңгейде тұлғаның өмір жолының кезеңдерімен анықталатын жеке тұлғалық топ.

В.Г. Крыська тұлғаның әлеуметтенуінің үш факторын (микрофакторлар, мезофакторлар, макрофакторлар), механизмдері мен құралдарын көрсетті. Тұлғаның әлеуметтенуіне қызығушылық өткен ғасырдың ортасында пайда болды. Әлеуметтену – тұлғаның (барлық өмір сүру кезеңінде) дамуы, қалыптасу процестері және нәтижесі. Әлеуметтену – тұлға мен қоғамның өзара әрекет процесі мен нәтижесі.

ҚР “Білім туралы” Заңында көрсетілгендей білім беру жүйесінің негізгі міндеті ұлттық және жалпы адамдық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына қажетті жағдай туғызу болып отыр.

Нәтижеге бағытталған білім беру моделі тұлғаның әлеуметтену процесіне қоғамды, түрлі қауымдастықтарды тартуды қарастырады. Осы мақсатта аталған мәселемен айналысатын кәсіби қауымдастықтар арасында өзара күш біріктіру үшін қарым-қатынастар орнатып, білім берудің мақсаттары мен нәтижелері турасындағы талқыға бүкіл қоғамды қатыстыру жұмыстары жүргізілуде. Нәтижеге бағытталған білім беріп, құзіретті маман қалыптастыру жұмысында мынадай жауапкершіліктерді де бөліп көрсетуге болады:

- оқушы өмірде және қоғамда конструктивті роль атқару үшін болашақ нәтижелерге ұмтылуға міндетті;
- оқытушы оқу ісін ұйымдастыру шарты ретінде оқу процесін шығармашылық тұрғыда ұйымдастыруға міндетті;
- ата-ана өз баласының қажетті дәрежеде білім алуына жағдай жасауға тиіс;
- мектеп әрбір оқушының өз даму траекториясын құруына жағдай жасауға міндетті;
- мемлекеттік органда әлемдік білім беру кеңістігіндегі ағымдарды ескере отырып, білім беру жүйесінің сапсы мен оқушылардың жетістіктеріне ұлттық мониторинг жасаудың негіздерін айқындауға міндетті;
- қоғам күтілетін нәтижелердің жетілдірілуіне, білім беру жүйесі жетістіктерінің ашық түрде жариялануына жауапты болуы керек. /1/.

Әрбір мұғалім оқушылардың сыныптағы іс-әрекетін ұйымдастыра отырып, 12 жылдық оқытудың тұжырымын ұғына отырып, мына төмендегі қасиеттерді басшылыққа алса, жас ұрпақты әлеуметтендіру мәселесінің шешімі нәтижелі болмақ:

- жеке тұлғаны әлеуметтік бейімділікке үйрету;
- жеке тұлғаны әлеуметтік өзін-өзі ұйымдастырушылыққа үйрету;
- жеке тұлғаны әлеуметтілік белсенділікке үйрету;
- жеке тұлғаны әлеуметтілік жауапкершілікке үйрету;
- жеке тұлғаны әлеуметтілік экономикалық еріктілікке үйрету;

- жеке тұлғаны ақпараттық біліктілікке үйрету;
- этномәдени, саяси әлеуметтік сәйкестілік, т.б.

Бүгінгі біздің білім жүйесінің мақсаты басқа елдердегі тәрбиенің озық үлгілерін қайталау емес, тәрбие үрдісінің негізінде білім беру және оқушыны тұлғалық деңгейде қарастырып, тұлғаны жан-жақты дамытып, әлеуметтендіру – заман талабынан туындаған өзекті мәселе екендігін мойындау /2/.

Әлеуметтендіру жұмыстарын сараптау барысында төмендегідей мәселелер анықтадым:

- жастар ісі комитетінің жұмысын тиімді ұйымдастыру, студент санын көбейту;
- оқытушылар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту;
- студенттердің әлеуметтік белсенділігі мен қоғамға қарсы қылықтарының алдын алу мақсатында оқушылармен жұмыс түрі мен әдістерін жетілдіру;
- студенттердің жан-жақты қабілеттерін дамыту мақсатында оларды бос уақыттарын тиімді пайдаланулары үшін әртүрлі үйірмелерге тарту;
- тәрбиеленуші тұлғаны терең зерттеп, жиналған ақпаратты диагностикалау.

«Колледж студенттерінің әлеуметтендірудің психологиялық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған эксперименттік зерттеу» атты психологиялық мүмкіндіктерін ашу мақсаттары мен міндеттеріне негізделіп дайындалған ғылыми-әдістемелік құралдардың мазмұны сипатталып және эксперименталдық әдістемелер қолданылды:

1. «Әлеуметтік интеллектіні зерттеу».
2. «Түсініктерді салыстыру».
3. «Интеллект лабилділігі немесе ауыса білу іскерлігі» әдістемесі.

2 а, б Әлеуметтік іс тобында тәрбие жұмысын 5 бағыт бойынша жүргіздім: «Қоғам», «Ұжым», «Жанұя», «Әлем», «Мен – Жеке тұлға»

Тәрбие жұмысының мақсаты: бәсекеге қабілетті, саяси мәдениетті, азаматтық, ұлттық, патриоттық деңгейі жоғары, адами байлықты меңгеруде шығармашылығы қабілетті, қиындықты жеңе білетін кәсіби тұлғалы құзыретті маман дайындау. Жанұя. «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары». «Қазақстан отбасына гендерлік көзқарас» пікірталас мұнда «ерлер мен әйелдердің тең құқықтары, гендерлік көзқарас» деген сауалдар тасталып, сол жөнінде пікір алмасты, Ата-аналармен хабарласып тұрдым.

«Ұлт дәстүрін ұлықтай біл». Қоғам бағыты бойынша Тұңғыш Президент күніне орай «Ел тірегі – Елбасы» 16 желтоқсанда біздің еліміз өз тәуелсіздігінің 21 жылдығын орай «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыптарында тәрбие сағаттары жүргізілді. «Қазақстан ұлы Отан соғысы жылдарында» т/с. «Туған жер тұнған шежіре». Әлем бағыты бойынша «СПИД ғасыр дерті» тақырыбында желтоқсан айында Дүниежүзілік СПИД – ке қарсы күніне орай тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының ең негізгі мақсаты: Адамзат ұрпағына төніп тұрған экологиялық проблеманың түйінін ашу, «СПИД», «нашақорлық», «алкоголизм», «шылым шегу» сияқты жаман аурулардың пайда болуын, қоғамға адамдарға осы аурулардың зардаптарын түсіндіру, ашып көрсету. «Имандылық адам көркі». «Адамды адам ететін де Иман!» Мақсаты: Бүгінгі біздің өткелі отырған тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Дінім- қасиетті дінгегім».

Діни экстрелизм дегеніміз–үзілді–кесілді пікір деген ұғым, дінді саяси мүддеге қызмет еткізіп қоюға көзделген идеологиялық тәсіл. Діни экстрелистердің идеология құралына айналдырып, өздерінің саяси мүдделерін дінмен бүркемелейді. Таза дін басшылары діни экстрелизмге қарсы. Діни экстрелистер зорық тіптен қарулы қақтығыс, соғыстарды насихаттайды. Табиғат тал бесігіміз Мақсаты: оқушыларға табиғат адамзаттың өмір сүріп отырған ортасы екенін түсіндіру, табиғатқа деген танымын, талғамын шыңдау, табиғаттағы түрлі құбылыстарды көру, сезіну арқылы ойлау, әңгімелеу, шығармашылықпен жұмыс жасау қабілеттерін дамыту, оқушыларды табиғатты сүйе білуге, қорғауға, аялауға, оған қамқор болуға тәрбиелеу /3/.

«Қазақстан халықтары». «Ынтымақ достық кепілі». Ұжым бағыты бойынша «Өнегелі тұлға» Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледж директоры Ш.Х. Құрманалинамен кездесуге өткізілілді интерактивті тақта арқылы тәрбие сағаты, қараша айында «Дүниежүзілік

студентер күнін атап өттік» Топ жиналысы өтіліп, топ белсенділері сайланды, Мұз айдынға бардық. «Ұстазым менің ұстазым», «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» тәрбие сағаты топта оздырылды.

Жеке тұлға бағыты бойынша топ студенттері колледж қағидаларымен, ережесімен танысты. Қараша айында «Өз құқығыңды білесің бе?», «темекінің зияны» тақырыбында тәрбие сағаты өткізіліп, пікір алмастырылды. «Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда, үлкен арман керек екен адамға». «Сен және сенің құқығың». «Өз құқығыңды білесің бе?» құқық және тең мүмкіндіктер мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларына теңдікке жағдай жасауға қатысты негізгі принциптер мен нормалар айтылды. Кесте 2 – Анықтау экспериментінің көрсеткіші (% есебімен). Дамыту экспериментіне дейін тәжірибе тобындағы сыналушылардың әлеуметтік интеллект көрсеткіштерінің жоғары деңгейі 22% болса, ал төменгісі 43% көрсетті. Эксперименттік зерттеу нәтижелерінен алынған мәліметтер бойынша әлеуметтік интеллект көрсеткіштерінің орташа деңгейі 35%. Ал бақылау тобының сыналушылардың әлеуметтік интеллект көрсеткіштері жоғары 23% болса, ал төменгісі 33% көрсетті, орташа деңгейі 44%. Келесі экспериментте «Түсініктерді салыстыру» әдістемесі жүргізілді. Әдістеменің тапсырмасы тұлғаның мағыналы ойлауын бағалау, түсініктерді салыстыру, ұғыну қабілетін, ойлау деңгейін, түсінікті жалпылау, ойды тұжырымдау, қиялын дамыту, оны сөз арқылы жеткізуін зерттеу арқылы бағаланды. Мұнда жоғары деңгей 15 ұпай болса, ең төменгі – 0 ұпай. Жауаптар дұрыс бір өрісті 15 түсініктер жұбы бойынша ұпаймен саналып, нәтижелері қосылады. Нәтижелері «жақсы», «орта» және «төмен» деген өлшемдермен бағаланды. Осы әдістеме сыналушылардың екі өлшем көрсеткіштері бойынша зерттелді:

1. Ойлауды бағалау. Түсініктерді салыстыру, ұғыну қабілетін, ойлау деңгейін анықтау.

2. Түсінікті жалпылау, ойды тұжырымдау, қиялын дамыту, оны сөз арқылы жеткізуін анықтау.

Дамыту экспериментіне дейін тәжірибе тобындағы сыналушылардың көрсеткіштерінің жоғары деңгейі 20,0% болса, ал төменгісі 56,6% көрсетті. Эксперименттік зерттеу нәтижелерінен алынған мәліметтер бойынша орташа төменгі деңгейі 50,6%. Ал бақылау тобындағы сыналушылардың көрсеткіштері жоғары 18,7% болса, ал төменгісі 56,6% көрсетті. Анықтау экспериментіне арналған зерттеу нәтижелерінен алынған мәліметтерінен топтардың орташа төменгі деңгейі 48,4%.

Қорыта айтқанда әлеуметтендіру – қарым-қатынас жасай білетін, өмірлік мақсатына жете білетін, өмірлік және адамгершілік құндылықтарды ұстанатын, өзінің қажеттілігі мен қызығушылықтарын қоғам талаптарына сәйкес шектей білетін тұлғаның қалыптасуы. 12 жылдық білім беру жүйесіндегі тәрбие берудің ерекшелігі – адамзаттық және өркениетті дамыған мемлекеттердің озық жетістіктерін, мәдениетін, т.б. адамгершілік құндылықтарын игеру арқылы тұлғаның жан-жақтылығын тәрбиелеу. Әрине, айтылған мақсатқа жету үшін мектеп ұжымы (мектеп басшылары, сынып жетекшісі, пән мұғалімдері, медбике, психолог, т.б.) белсенді кіріскен кезде ғана нәтижеге жетуге болады.

Тек тәрбие ғана жеке тұлғаның дамуының әлеуметтік бағдарламасын жүзеге асыратын, оның бейімділігі мен қабілеттілігін жетілдіретін шешуші күш. Әрине, тәрбие мен білім беруді адамның табиғи қасиеттерін ескеру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003.
- 2 Рахметов Қ.Ж, Болатова А.Н., Исмағамбетова З.Н. Социология. – Алматы: «Өлке», 2005.
- 3 Оданова Р.К. Социология тарихы және теориясы. – Шымкент, 2005. – 25 б.